

# Ембі ТЫНЫСЫ

№ 18 (34),  
қыркүйек  
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

**Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз**



Олар – ембінің мақтанышы

Ембіліктер «Үздік маман» байқауының финалдық кезеңінен жүлделі оралды

Тамыздың 30-ы мен қыркүйектің 4-і күндері аралығында Татарстанның Альментьевск қаласында «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының III кезеңі өтіп, жеңімпаздар анықталды. Аталған байқауға ембілік 18 мұнайшы қатысып келді. Айта кетейік, олардың барлығы жуырда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев кен алаңында өткен аталған байқаудың II тур кезеңінде жеңіске жетіп, шешуші турға жолдама алған болатын.

Солардың ішінде 6 ембілік мұнайшы 5 номинация бойынша жүлдегер атанды. Атап айтсақ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Қарсақ мұнай өндіру цехы бригадасының технологиялық қондыр-

ғылар операторы Асылбек КУШЕКЕНОВ пен «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Жайық» электр торабының жөндеу және қызмет көрсету электр монтері Әлібек ТУЛЕПОВ жүлделі I орынды иеленді.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай-газ өндіру цехының операторы Ерболат ЖҰМАҒАЛИЕВ пен қабат қысымын сақтау операторы Берекет ЕЛЕУЛИЕВ II орынды еншіледі. Ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының тауарлы операторы Арслан ДЖИЕНАЛИЕВ пен оның көмекшісі Азамат ДЖУМАШЕВ III орынға қол жеткізді.

- Жуырда еліміз Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойын атап

өтті. Мемлекетіміздің бүгінгі жеткен жетістіктері мен экономикасының дамуында мұнайшылардың үлесі зор. Үздік жұмысшылар бас қосқан байқауда топ жарып, Ембінің мәртебесін арттырғандарыңыз үшін Компания басшылығы мен ұжымның атынан алғыс айтамын, - деп атап өтті ембілік мұнайшыларды қабылдауында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Кездесу барысында ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Шарафетдинова аталған байқауға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 26 еншілес кәсіпорнынан

мұнайшылар бақ сынасқандығын, соның ішінде, ембіліктер жақсы нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтті. Сонымен қатар, Басқарма төрағасы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас инженері Қайнар Қодановты ҚР Энергетика министрлігінің «ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен марапаттады.

Компанияның жұмысшыларды ынталандыру жөніндегі ережесіне сәйкес Басқарма төрағасының бұйрығымен I орын иегерлерінің жалақысына – 30, II орын иегерлеріне – 20 және III орын иегерлеріне жыл бойына 10 пайыздық үстемеақы қосылатын болады. **Е**



# Қазақ мұнайының алтын бастауы

Атырауда өткен салтанатты жиынға ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты

Мемлекет басшысы Атырауға сапары барысында мұнай-газ саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде отын-энергетика кешенінің Қазақстан экономикасында үлкен рөл атқаратынын айтты. Президент мұнай-газ саласын одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтіп, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың алдына бірқатар нақты міндеттерді қойды.

Мемлекет басшысы Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ сияқты кен орындарына қатысты ауқымды жобаларды одан әрі жүзеге асыру қажеттігіне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қашағандағы мұнай өндіру деңгейін жүйелі негізде арттыру мақсатында Үкіметке Консорциумның мердігер компанияларымен бірлесіп, Қашаған кен орнын толыққанды игерудің Жол картасын келісуді тапсырды.

Президент еліміздің батыстағы кен орындарынан республиканың өзге өңірлеріне мұнай тасымалдау мәселесіне арнайы тоқталды. Ол «Кеңжияқ-Құмкөл» мұнай құбырын салу жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы отандық нарыққа жеткізілетін мұнайдың азаю мүмкіндігіне байланысты алаңдаушылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ химия саласының дамуы экономиканы жаңғыртудың маңызды бағыты екенін атады.

– Мұнай-газ химия саласы экономиканың басқа салаларына мультипликативті ықпал етеді. Әлемде мұнай-газ химия саласындағы көмірсутек шикізатының қолданылу үлесі 34%, ал Қазақстанда бар болғаны 0,2%. Полипропилен мен полиэтилен өндіру жөніндегі жобалардың іске асырылуы жалпы ішкі өнімнің жылдық өсімін орташа есеппен 1,5 пайызға жеткізуге мүмкіндік береді, – деп санайды Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті газ саласын дамытудың басымдығын арнайы атап өтіп, газ құбыры жүйесін дамыту ісінде жақсы нәтижелер бар екенін айтты. Бұл ретте, ол Үкіметтің назарын халықты газбен қамтамасыз ету қажеттігіне аударды.

– Елімізді газбен қамту деңгейі 50 пайызды құрайды. Бұл – 9 миллион халық деген сөз. «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысының жобасын іске асыру нәтижесінде еліміздің қосымша 2,7 миллион халқы газбен қамтамасыз етіледі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстандағы геологиялық барлау мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша геологиялық барлау жұмыстарын күшейту арқылы минералды шикізат қорын сапалы толықтыру керек.

– Біз осы саладағы заңнаманы жетілдірдік. Енді осы бағытта нақты қадамдар жасау керек. Үкіметке 2020 жылдың 1 наурызына дейін әлемдегі минералдық-шикізат ресурстарына сұраныстың ұзақ мерзімді болжамын ескере отырып, геологиялық барлау бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай сервисінің индустриясы экономиканы әртараптандыру және өсу драйверлерінің бірі болып табылады. Мемлекет басшысы бұл мәселеде мұнай сервисінен түсетін табыстың көмірсутегі экспорты табысынан асып түсетін Норвегияның тәжірибесін басшылыққа алуды ұсынды.

– Мұнай мен газ өндіруді арттыра отырып, біз заманауи мұнай сервисі кластерін құруға тиіспіз. Мұнай сервисі отандық шағын және орта бизнесті дамытуға, өнімді жұмыс орындарын ашуға, қосымша құны жоғары өндірістерді оқшаулауға айтарлықтай серпін береді, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент экологияны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерінің маңыздылығын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, заманауи технологияларды пайдалану және ескірген жабдықтарды жаңарту, заттардың шығарылатын заттарды қысқарту, мұнай мен газдың ағып кетуінің алдын алу қажет. Мемлекет басшысы бұл жұмыстар бойынша мұнай-газ компанияларының ақпараттық ашықтығын және олардың экологиялық жауапкершілігін арттыру басты басымдыққа ие болатынын атап өтті.

Кеңейтілген кеңес барысында Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, эко-



логия, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімов, «Лукойл» ААҚ Ресей мұнай-газ компаниясының президенті Вагит Алекперов, сондай-ақ «Теңізшевройл», «NCOC» және «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компанияларының басшылары баяндама жасады.

Кейін Президент Қазақстан мұнай-газ саласының 120 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты.

Шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынға қатысушыларға ілтипат білдіріп, еліміздегі мұнай-газ кешенінің барша еңбеккерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің терең әрі даңқты тарихы жөнінде айта келіп, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында еліміздің тәуелсіз мұнай-газ индустриясын қалыптастыру үдерісінде қиындықтарға тап болғанын еске салды. Осы орайда бұл саланы дамыту үшін шетелден капитал тарту ісіндегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың орасан зор еңбегін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің жетістіктеріне қысқаша тоқталды. Соның ішінде, Президент мұнай саласында заманауи технология мен озық тәжірибені мең-

осы саланың қалыптасуына зор үлес қосқанын атап өтті. Президент мұнай-газ саласындағы қызметкерлердің жинаған тәжірибесі мен білімі азаматтарымыздың тұрмысын одан әрі гүлдендіруге және жақсартуға септігін тигізетін маңызды салалық жаңғырту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді деп санайды.

Баяндамада мұнайшылар шешуге тиісті бірқатар маңызды міндеттер айтылды.

– Саланы дамытудың стратегиялық жоспарына сәйкес, 2025 жылға қарай мұнай өндіру жылына 100 миллион тоннадан, ал газ жылына 77 миллиард текше метрден асуы тиіс. Осы мақсатта 2021-2025 жылдарға арналған ауқымды геологиялық барлау бағдарламасы әзірленуде. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстанның жалпы ресурстық әлеуеті 75 миллиард тонна шартты отын болса, Орталық және Солтүстік Қазақстанның әлеуетті ресурсы шамамен 18 миллиард тоннаны құрайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның дайын мұнай өнімдерін сату ісіндегі көшбасшылардың бірі болуы тиіс деген пікір білдірді. Оның айтуынша, бұл Үкіметтің алдағы жылдардағы атқаратын басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте, Президент осы салаға инновацияларды енгізуге, шикізат өндіру және оны әрі қарай қайта өңдеу үдерісінің экологиялық тазалығын арттыруға назар аудару қажеттігін атап өтті.

– 2025 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 пайызға және одан да жоғары деңгейде қамтамасыз ету көзделіп отыр. Бұл менің Қазақстан халқына арналған Жолдауымда айтылды. Осы мақсаттарға қол жеткізу барысында еліміздің мұнай-газ секторы үлкен рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсім соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ өнеркәсібінің үздік 41 қызметкерін марапаттады. Мемлекет басшысының қолынан үлкен марапат алғандардың қатарында емібіліктер де бар. Орталық басқару аппараты зейнеткері Күләш Жұмағалиева «Құрмет» орденімен, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді Сүлейменов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Ақінген кен орнының мұнай-газ өндіру операторы операторы Болат Естлеуов «Құрмет грамотасына» ие болды. **Е**





## Білікті басшы, тәжірибелі мұнайшы

Амангелді Сүлейменов мұнайшылар әулетінен шыққан. Әкесі Тасқынбай Терең-Өзек кен орнында ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы болып қызмет етті, ал, анасы Лиза Терең-Өзек және Қаратон кен алаңдарында мұнай өндіру операторы болды. Оның балалық шағы 1963 жылы Прорва кен алаңын өндірістік игеру мақсатында құрылған Сарықамыс поселкесінде өтті.

Ол кішкентай кезінен бастап ел игілігі үшін «қара алтын» өндіріп жүрген мұнайшылардың еңбектері жайлы «сырт құлақтан» естімей, өз көзімен көріп өсті. Мұнайшыларға деген үлкен құрметті сезінген ол әкесінен айырылған соң, анасына көмектесу мақсатында мектеп бітірген соң мұнайшы болу жөнінде шешімді бірден қабылдады. Еңбек жолын «Прорва-мұнайгаз» МГӨБ жабдықтарды жалдау және эксплуатациялық жөндеу бригадасының слесарі болып бастап, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық институтын тәмамдаған соң Ақтау қаласындағы «Каражанбастерм-нефть» мұнай-газ өндіру басқармасына мұнай және газ операторы болып жіберілді.

Туып-өскен Сарықамысқа Амангелді Тасқынбайұлы 1993 жылы оралып, «Прорва-мұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау учаскесінің шебері қызметіне кірісті. Тоқсаныншы жылдар отандық мұнай саласы үшін оңайға

соқпағаны белгілі. Мұнай бағасы құлдырап, кеңестік мемлекеттік ыдырауы салдарынан шаруашылық байланыстар үзіліп, көптеген кәсіпорындар өз жұмыстарын тоқтатты. Ал, мұнайымыздың халықаралық стандарттарға сәйкессіздігінен экспорттауға тыйым салынып, еліміз қиын кезеңді бастан өткерді.

Бұл мәселені аз уақыттың ішінде шешу мақсатында аталған МГӨБ-нің сол кездегі басшысы Айболат Габдуллиннің басшылығымен Прорва кен алаңдары тобында технологиялық үдерістер кестесі өзгертіліп, тауарлы мұнайды экспорттау үшін жаңа нәтижелерге қол жеткізілді.

- Еш қиындықтарға қарамастан ембілік мұнайшылар жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, тәуелсіз жас мемлекеттің іргетасын бірге қалап, экономикасын күшейту мақсатында көмірсутек шикізатын өндіре берді. Бұл кезде ембілік кен алаңдарының көп бөлігі өнім өндірудің соңғы сатысына жетіп қалған еді. Ал, маңызды қоры бар Прорва компаниямыздың басты өндірістік активі болып әлі күнге саналып келеді, - дейді Амангелді Сүлейменов.

Ол «Ембі-мұнайгаз» АҚ-да слесарьден бастап, мұнайды дайындау және айдау цехының басшысы, бас инженер, ЕМГ ӨФ директорының өндіріс жөніндегі орынбасары орталық басқару аппараты өндіріс департаменті директоры-

ның орынбасары, «Жылыой-мұнайгаз», «Доссор-мұнайгаз» и «Жайық-мұнайгаз» МГӨБ басшылығы қызметіне дейін барлық жолды жүріп өтті. Осы жылдар аралығында көптеген қызметтерді атқара жүріп, компанияның бірқатар өзекті мәселелерін шешуге белсене атсалысты.

Айта кетсек, «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ басқарған жылдары аз ғана уақыттың ішінде «Прорва-Теңіз» мұнай айдау стансасы салынды. 2010 жылы «Ембі-мұнайгаз» ӨФ директорының өндіріс жөніндегі орынбасары ретінде Ембіде ілеспе газды залалсыздандыру жөніндегі ауқымды бағдарламаны жасақтауға белсене атсалысып, нәтижесінде С.Бағымбаев, Шығыс Мақат және Прорва кен алаңдары тобында ілеспе мұнай газын дайындау қондырғылары іске қосылды. Ал, «Доссор-мұнайгаз» МГӨБ-де жұмыс жасаған кезде кен алаңдарының ескілігіне қарамастан, мұнай өндіру жоспарлары сәтті жүзеге асырылды, Алтыкөл кен орнында өндіріс көлемі ұлғайды.

- Бірер жылдан кейін ғасырлық межені бағындыратын компанияның қазіргі таңда түрлі бағыттар бойынша дамып келе жатқаны қуантады. Және Ембінің алты құрылымдық бөлімшесінің бірінің басшысы ретінде тарихы терең, тамыры ерен компанияның дамуына кішкентай болса да үлес қосып жатқанымды мақтан тұтамын. Біздің мұнай-

шылардың күн сайынғы еңбектерінің арқасында ел бюджеті еселеніп, өңірде әлеуметтік нысандар бой көтеруде, - дейді А.Сүлейменов.

Басшының талапшылдығы мен іскерлігі ұжымды жетістікке жетелейтіні белгілі. Айта кетейік, кейіпкеріміз басқаратын «Жайық-мұнайгаз» МГӨБ жарты жылдың қорытындысымен өндірістің қауіпсіз күндер саны бойынша үздік үштікке кіреді. Сонымен қатар, биыл өткен «Үздік маман» байқауының екінші турында жайықтықтар командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, Қазақстан мұнайының 120 жылдығына және Жастар жылы аясында компанияның жас мамандары арасында ұйымдастырылған «Брейн-ринг» интеллектуалдық ойынында аталған МГӨБ команда жеңіс тұғырынан көрінді. **Е**



## Еңбек ардагерінің мерейі

Компания тарихында ауыр да қиын жұмыста әріптес ер адамдармен бәсекеге түскен мұнайшы әйелдер де аз емес. Күләш Жұмағалиева бар саналы ғұмырын мұнай саласына арнап, ұзақ жылдар бойы «Доссор-мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жұмыс жасады. Оның еңбек жолы В.И.Ленин атындағы қазақ политехникалық институтын аяқтағаннан кейін-ақ басталды. Сонау 1974 жылы «Ембі-мұнай» өндірістік филиалының «Доссор» мұнай-газ өндіру басқармасында 3-разрядты ұңғыларды зерттеу операторы болып еңбек жолын бастаған Күләш Өтеуқызы 2005 жылға дейін табан аудармастан бір мұнай-газ өндіру басқармасында отыз жылдан астам уақыт қызмет атқарды. Қойнауқат қысымын сақтау бригадасының инженері, айдау ұңғымасын жөндеу шебері, геолог, аға технолог, бас геолог қызметтерін тақарды. 12 жыл бойы цех бастығы, болып еңбек етті.

Ал, 2005 жылы Орталық басқару аппаратына шақыртылып, геология және кен орындарын игеру департаментінің бөлім бастығы болды. Отыз бес жылдай уақыт бойы бар білімі мен жиған тәжірибесін Ембі өндірісінің қарыштап

дамуына арнап, 2009 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты.

Мұнайшының ұрпағы болғандықтан шығар Күләш апа және бауырлары Бағытжан мен Қуаныш та әке жолын жалғап, мұнай-газ саласын таңдады. Осы саланы дамытуға, ел экономикасының қарыштап дамуына үлес қосуға еш аянбады.

Ашық-жарқын мінезді, жүзінен үнемі жылылық лебі есіп тұратын кейіпкерімізден ерлерге тән төзімділік те байқалды. Оның нәзік иығы ауыр жағдайдағы жұмыспен бірге отбасындағы жауапкершілікті де қатар алып жүрді.

- Анамыздан ерте айырылған соң отбасы тәрбиесі, балаларды оқыту, дипломдарын алып беру, өмірден өз орындарын табу – менің мойныма жүктелді. Сіңлілерім – Зәуреш ұстаз, Күлшара дәрігер мамандықтарын алды. Зәуреш есімді сіңілімнің науқастануына байланысты ұлының тәрбиесіне көмектестім. Күлшараның да қызы кішкентайынан менің тәрбиемде болды. Қазіргі таңда ол екеуі де мұнай-газ саласында еңбек етуде, - дейді Күләш Өтеуқызы.

Бүгінде Күләш Жұмағалиева – сыйлы мұнайшы, Мемлекет басшысының қолынан алған «Құрмет» орденінің иесі. Өткен жылы «Қазақстанның құрметті барлаушысы» төсбелгісін иеленді. Бұдан басқа Қазақстан мұнайының 100, «Ембі-мұнайгаз» АҚ-ның 95 жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталған.

- Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын, қара алтын бұрқағы алғаш атқан Ембіде еңбек етіп, тарихи жылнамада ізімді қалдырғаным үшін өзімді бақытты санаймын. Үнемі қолдап, ардагерлерін қамқорлап келетін бас компания «ҚазМұнайГаз», «Ембі-мұнайгаз» басшылығы мен ұжымына үлкен алғысымды білдіремін, - дейді Күләш Өтеуқызы. **Е**



## Мемлекеттік дәрежедегі алғашқы марапат

Болат Естлеуов 1975 жылы орта мектепті бітірген соң еңбек жолын «Құлсары-мұнайгаз» МГӨБ Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехында слесарь болып бастады. 1976-1978 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін аталған цехта жұмысын жалғастырып, қабат қысымын қолдау операторы, мұнай-газ өндіру операторы, мұнай-газ өндіру шебері қызметтерін атқарды.

2007 жылдан қазіргі таңға дейін «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ Ақінген кен орнында мұнай-газ өндіру операторы болып абыройлы еңбек атқаруда. Мұнай өндіріс саласында үзбестен 42 жыл маңдай терін төккен.

Көп жылғы еңбегі және өндірісті дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін көптеген марапаттармен, Қосшағыл кен орнының 70 жыл толуына орай ескерткіш белгімен марапатталған.

- Мемлекет басшысының қолынан алған «Құрмет грамотасы» - мемлекеттік дәрежедегі алғашқы марапатым. Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай мұнайлы астана төрінде өткен салтанатты шарада алған марапатым адал еңбектің жемісі болуымен қатар, үлкен жауапкершілік екенін сезінемін, - дейді Болат Үмбетқалиұлы.

Болат Естлеуов зайыбы Зәуре Есимова екеуі 6 ұл тәрбиелеп өсіріп, қазіргі таңда 11 немеренің қызығын көріп отыр. **Е**





## ҚМГ-ның 2019 жылғы I жартыжылдықтың нәтижелері

Қазақстанның тікелей-интеграцияланған мұнай-газ компаниясы - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚМГ», «Компания») халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) бойынша 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтың қаржылық және операциялық нәтижелерін жариялады.

### 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтың өндірістік нәтижелері:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі өткен жылдың осындай кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 0,5%-ға немесе 11 704 мың тоннаға (тәулігіне 484 мың баррель) төмендеді;

- Табиғи және ілеспе газды өндіру өткен жылдың есептік кезеңіне қара-

ғанда 2,5%-ға ұлғайып, 4 225 млн м<sup>3</sup>-ді құрады;

- Мұнай тасымалдау көлемі 2018 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 5,0%-ға артып, 38 949 мың тоннаны құрады;

- Газ тасымалдау көлемі 2018 жылдың есептік кезеңіне қарағанда 8,7%-ға төмендеп, 50,1 млрд м<sup>3</sup>-ді құрады.

- Көмірсутегі шикізатын өңдеу көлемі 1,7%-ға артып, 9 998 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіш қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңделген 6 670 мың тонна және Румыниядағы KMG International («KMG I») зауыттарында өңделген 3 328 мың тоннаны қамтиды. Есептік кезеңде мұнай өнімдері өндірісінің жалпы кө-

лемі 1,6%-ға өсіп, 9 360 мың тоннаны құрады.

Өткен жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда өзіміз өндірген мұнай мен конденсат сату көлемі 0,5%-ға өсіп, 11 641 мың тоннаны құрады.

### 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтың қаржылық көрсеткіштері:

- 2019 жылғы бірінші жартыжылдықта сатудан ақшалай түсім 1,4%-ға өсті және 3 403 млрд. теңгені (8 971 млн АҚШ долларын) құрады;

- 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтағы таза пайда 622 млрд. теңгеге (1 641 млн АҚШ доллары) дейін өсіп, 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 73,0%-ға ұлғайды;

- Есептік кезеңдегі күрделі шығындар 167 млрд теңгені (440 млн АҚШ долларын) құрап, 2018 жылғы бірінші жартыжылдықтағы көрсеткіштен 5,8%-ға төмендеді;

- EBITDA көрсеткіші 2018 жылғы бірінші жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 20,5%-ға өсті және 1 095 млрд теңгені (2 888 млн АҚШ долларын) құрады;

- Компанияның таза қарызы 2 491 млрд теңгені (6 547 млн АҚШ долларын) құрап, 2018 жылдың соңындағы көрсеткіштен 15,0%-ға жоғары болды;

- Түзету енгізілген бос ақша ағыны 93,8%-ға ұлғайып, 140 млрд теңгені (369 млн АҚШ долларын) құрады.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

## Экспорт

### Первую серу реализовали на Прорве

На Прорвинской группе месторождений, разрабатываемых АО «Эмбамунайгаз», отгружено 250 тонн гранулированной серы.

В рамках запуска Установки по комплексной подготовке попутного нефтяного газа Прорвинской группы месторождений, в декабре прошлого года начала работу установка по выпуску гранулированной серы.

На сегодняшний день это самая крупная установка в ЭМГ, мощность которой составляет 150 млн кубометров в год. На данной установке попутный нефтяной газ, полученный в результате добычи нефти на Прорвинской группе месторождений, очищается от сероводорода и производится товарная продукция: товарный газ, товарная гранулированная сера, стабильный газовый конденсат.

Всего на установке в 2018 году переработано около 147 млн кубометров газа, из которого реализовано – около 98 млн кубометров газа и использовано на собственные нужды – 34 млн кубометра. Выработано - более 4 тыс. тонн газового конденсата. С момента запуска установки в декабре прошлого года произведено более 350 тонны гранули-



рованной серы, из которых около 250 тонн уже отгружены покупателям.

Согласно балансу производства серы, годовой объем выработки серы планируется до 2,0 тыс. тн. В связи с малым объемом производства гранулированной серы экономически привлекательным направлением является реализация на внутреннем рынке путем самовывоза, что снижает риски по логистике и не предполагает дополнительных затрат.

## Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

### Топырақтың ластануын алдын алу

«Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне көп көңіл бөледі. Компания экологиялық компоненттердің (ауа, су, топырақ және т.б.) мониторингі және қоршаған ортаға өндірістің кері әсерін тиімді азайту бойынша тұрақты жұмыстанып келеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласында шараларды орындау және табиғи ресурстарды пайдалану үшін, ауданның экологиялық жағдайын жақсарту және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның келісімшарттық аумағында топырақ жамылғысының қазіргі жағдайын кешенді бағалауды жасау мақсатында 2019 жылға антропогендік қызмет нәтижесінде шөлейттенуіне ұшыранатын жерлерді сақтау және қалпына келтіру, шөлейттенуімен күресу әдістерін жасаумен, жерлердің шөлейт-

тенуінің алдын алу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Зерттеу мақсаты – бүлінген жерлер мен жылжымалы құмдар учасқтарын анықтау және бүлінген жерлерді қалпына келтіру және жерлердің шөлейттенуінің алдын алу бойынша нақты шараларды жасау.

ЕМГ тарихи ластанған аумақтарды қалпына келтіруге бағытталған жобалар үшін едәуір қаражатты инвестициялауды жалғастырып келеді. 2018 жылы тарихи ластанған жерлерді тазалау жұмыстары аясында 24 га мұнаймен ластанған жерлер (99 477 тонна мазутпен ластанған топырақ) тазартылды. 2022 жылға таман тау-кен телімі аясында тарихи мұнай өнімдерімен ластанған жерлерді тазалауды толық аяқтау жоспарлануда.

### «Ембімұнайгаз» АҚ мазутпен ластанған жерлерді тазарту бойынша жоспары:

2019		2020		2021		2022	
тонн	га	тонн	га	тонн	га	тонн	га
116 005	38	101 430	19	127 161	29	151 266	27

Қоғам мұнай операцияларын жүргізу барысында апаттық төгілулерді алдын алу, оқшаулау және жою бойынша шараларды орындайды. Өндірістік нысандар учасқтарында апатты жою жоспарлары орналастырылады. 2018

жылғы қорытынды бойынша мұнайдың апаттық төгілуінің 2 жағдайы тіркелді. Авариялық төгілу орындарында жою жұмыстары жүргізілді. Ластанған учасқелер толығымен тазартылып, бастапқы күйге келтірілді.



## Вдохнуть жизнь в зрелые месторождения

В дни празднования 120-летнего юбилея казахстанской нефти в Атырау состоялась международная научно-практическая конференция «Современные методы разработки месторождений с трудноизвлекаемыми запасами и нетрадиционными коллекторами», организованная ТОО «КМГ Инжиниринг» совместно с филиалом «Каспиймұнайгаз».

Конференция состоялась 5-6 сентября в новом здании филиала «Каспиймұнайгаз» в микрорайоне Нурсая. В работе конференции приняли участие руководство и сотрудники компаний «Эмба мұнайгаз», «Казхтуркмунай», «Казгермунай», «Казахойл Актөбе», ТШО, СНПС-АМГ, ВНИИнефть имени А.Крылова, РГУ нефти и газа имени И.М. Губкина (Москва), НИПИ «Нефтегаз» SOCAR, Азербайджанского государственного университета нефти и промышленности, НИИ «Геотехнологические проблемы нефти, газа и химии» (г.Баку), Уфимский научно-технический центр, КБТУ, КазНИТУ им. К.И. Сатпаева, ООО «Дациннефть» и др.

В течение двух дней конференции представители ведущих казахстанских и международных нефтяных компаний, научно-исследовательских организаций и вузов обменивались опытом и взглядами на проблемы инновационного развития нефтегазового комплекса страны.

- Большинство действующих месторождений имеют большую социальную и экономическую нагрузку; есть проблемы с открытием новых месторождений; в разрезе регионов наблюдается снижение добычи по актюбинской группе, в Мангыстау. В перспективе снижение добычи нефти продолжится, если сейчас не предпринять усилия по приросту запасов за счет повышения нефтеотдачи и поддержанию уровня добычи. Как было отмечено президентом РК К. Токаевым (на расширенном совещании по проблемам нефтегазовой отрасли в РК 5.09.2019 г. – прим. автора), будут изменены подходы к старым месторождениям, созданы различные преференции, в том числе налоговые. В то же время, никакие преференции не помогут, если не будет глубокой инженерной мысли, - отметил в приветственном слове первый вице-министр энергетики РК Махамбет ДОСМУХАМБЕТОВ.

По мнению заместителя председателя Правления Ассоциации «KAZENERGY», члена совета директоров АО «Национальная Компания «КазМунайГаз», доктора технических наук, профессора Узакбая КАРАБАЛИНА, нефтяная отрасль является квинтэссенцией многих наук – физики, математики, химии, ядерной физики, металлургии и т.д.:

- Если сравнивать нефтяную отрасль по высоте научной мысли с по-

летами в космос, то инициированный нами несколько лет назад проект «Евразия» в Прикаспийской впадине с бурением параметрической скважины до 15 км вглубь можно сравнить с полётами на Марс. А работа на глубинах 2-3 тысяч метров при разработке морских месторождений тоже производится в скафандрах. Поскольку нам сегодня приходится решать много задач, которые ставит перед нами природа, нефтяная отрасль обречена на научное сопровождение. По-другому она работать не может.

Большое внимание, которое руководство страны оказывает нефтегазовой отрасли, вызывает гордость и в то же время налагает ответственность по решению больших задач разработки зрелых месторождений. От судьбы низкорентабельных месторождений сегодня зависят вопросы занятости местного населения и другие социальные вопросы. Несколько лет назад во время пребывания в США мне рассказали, что там тоже 30-40 лет назад закрыли ряд мелких низкорентабельных месторождений, но благодаря внедрению новых инновационных технологий их удалось вернуть к жизни, и они теперь являются рентабельными.

Еще один пример – китайское месторождение Дацин, которое было открыто в 1959 году, добыча нефти на котором больше 25 лет удерживалась на уровне 50 млн. тонн нефти в год. В

последние годы объемы добычи снизились и составили 40 млн. тонн, что мысленно заставляет нас снять шляпу перед китайскими нефтяниками, на протяжении длительного периода времени поддерживающими такой высокий уровень добычи нефти. Я раскрою большой секрет (улыбается), оказывается разработка этого месторождения развивалась по советскому образцу, по нашим правилам. Но если мы правила отбрасываем в сторону и делаем, как считаем нужным, то китайские нефтяники более дисциплинированы и работают в рамках правил.

Еще один нюанс, который я заметил: в городе, который вырос вокруг данного месторождения, работают 2 научно-исследовательских института, которые занимают 2 квартала с общим штатом 3000 сотрудников, в том числе профессуры, докторов наук, и оснащенных прекрасным оборудованием.

Что касается преференций для зрелых месторождений, то такие меры значительно облегчат их судьбу и позволят решить много проблем. Я общался с главой Лукойл В.Алекперовым, который поделился опытом, что по некоторым месторождениям были обнулены все платежи и налоги, что позволило начать на них бурение новых скважин и оживить там работу.

(Продолжение в следующем номере)

## ЕМГ – «Жомарт жүрек» сыйлығының иегері



Атырауда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылған «Жомарт жүрек» сыйлығының лауреаттары анықталды.

Дәстүрлі түрде биылғы жылы екінші мәрте өткізіліп отырған «Жомарт жүрек» сыйлығы қайырымдылық көмек көрсетуге және мейірбандық, демеушілік және меценаттық қызмет түріндегі өз еркімен, өтеусіз немесе жеңілдік түрінде жүзеге асырылатын ізгілік қажеттілікті қанағаттандыруға негізделген әлеуметтік-пайдалы қызмет көрсетіп келетін кәсіпкерлер мен қоғам жанапшыларына табысталады.

Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясында өткен салтанатты жиында «Жомарт жүрек» сыйлығының «Туған өлке» номинациясы ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВКЕ табысталды.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдың маусым айында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің бір күндік жалақысы есебінен Атырау облысының 5 ауданында – Құрманғазы ауданының Құрманғазы ауылында, Исатай ауданының Исатай стансасы мен Аққыстау селосында, Қы-

зылқоға ауданының Жамансор елдімекені мен Мұқыр ауылында, Жылыой ауданының Құлсары қаласында, Мақат ауданының Мақат пен Доссор кенттерінде көпбалалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға баспана кілттерін табыс ету шаралары өтті.

2019 жылдың шілде айында ЕМГ ұжымы республикалық «Арыс. Біз біргеміз!» акциясына қатысты. Ембіліктердің өз еріктерімен жинаған қаражатына жарылыстан зардап шеккен Арыс қаласының әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларының 400-ден астам оқушысына мектеп киім-кешектері тарту етілді.

Арыс қаласында болған жарылыстан зардап шеккен отбасылар балаларын мектепке дайындауға көмектен соң осындай қайырымдылықты Атырау қаласы мен облысының әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көрсету жөнінде де шешім қабылданды. Нәтижесінде, ембіліктер мұнайшылардың өз қаражаттарына биылғы жылы облысымыздың әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының 70 оқушысына мектептік киім-кешектер алынды.

Аталған қайырымдылық акциясын жүзеге асыру барысында ембілік мамандар Атырау облысындағы әр ауданда болып, отбасылардың жағдайымен танысты. Көмекке мұқтаж отбасылардың тізімін жергілікті әкімдіктер ұсынды. Бұл тізімге Компаниядан хат арқылы көмек сұраған, сонымен қатар, биылғы жылы ембіліктер сыйға тартқан сегіз әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылар балалары да кірді.

## Тәрбие бағыты – имани құндылық

Құрбан Айт мерекесі қарсаңында «Шапағат» ҚҚ қызметкерлері «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұсынысымен мұнайшы қыздар арасында «Дәстүрлі дін мен теріс жолды ажырату», «Отбасы тәрбиесі» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Алғашқы кездесу «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында басталып, Компанияға қарасты барлық басқарамаларда жалғасты.

Атаулы жиынға «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы, әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару департаментінің аға маманы Г.Мекебаева, мәдениет қайраткері С.Сапанов, «Шапағат» ҚҚ психолог маманы С.Нұрбекова, тарихшы Е. Абзалов, бөлім басшысы Ж.Жұмағалиева, қақтығыс аймағынан елімізге оралған отбасының мүшесі А.Тергеусізова қатысты.

Алғашқы сөзді алған Рысты Нұрғалиқызы аталмыш кездесудің мақсатын айта отырып, әйел адамның қоғамдағы, отбасындағы рөлін аша түсіп, отбасындағы баланың тәрбиесіне, жолдасына, оның ағайын тумасына және өзіне уа-

қыт бөлу жөнінде өз ойын ортаға салды.

Жиын барысында тарихшы-дінтанушы Ернар Абзалов өз тарапынан деструктивтік діни ағымдардың таралу жолдары және оның алдын-алу шаралары жөнінде слайд арқылы түсіндірме жұмысын жүргізді.

Сөз кезегінде қатысушыларға қарапайым тілмен жеткізе білген тарихшы Ернар Абзалұлы өмір және жұмыс тәжірибесіндегі өзінің кезіктірген оқиғаларымен бөлісіп, түрлі жамағаттың тағдырымен анонимді түрде мысал келтіріп өтті.

«Мұнайшы қыздар» клубына арнайы шақыртылған психолог Салтанат Темірғалиқызы өз тарапынан «Отбасы тәрбиесіндегі баланың орны» турасында тренинг ретінде қатысушыларға әр мәселенің тереңіне ой жіберетін, түрлі көңілді ой сергітетін, бой сергітетін интерактивті ойындар өткізді.

«Шапағат» ҚҚ бөлім басшысы Жаннат Қанатқызы орталықтың қазіргі таңдағы атқарып жатырған жұмыстарына кеңірек тоқтала отырып, жыл басында «Жусан-1» операциясымен Сириядан елімізге оралған отбасы мүшесі Айнұр Тергеусізованың тағдырынан көпшілікке мағлұмат берді.

Айнұр Қажымқызы слайд арқылы теріс ағымға (вербовка) арбанудың жолдары мен адам ресурстарының кезеңдеріне жеке тоқталып, бастан кешкен тағдырымен ашық түрде бөлісті. Кездесу соңында Компания басшылығы аталмыш шараны ұйымдастыруға мұрындық болған «Шапағат» ҚҚ қызметкерлеріне алғыс айта отырып, игі істеріне табыс тіледі.





## Қазыналы Қошқар

Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен қатар биыл Қошқар кен алаңының 75 жылдығы аталып өтілуде.

Ембі жерінің орталық бөлігінде орналасқан Қошқар кен алаңы 1944 жылы құрылды. Жағадан алған жау жеңіліп, өзіне қарай жылыстай бастаған кезеңде Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті мен Министрлер Кеңесі сол кезде Қошқар мен Тентексор кәсіпшіліктерін пайдалануға беруді міндет етіп қойды. Ембі мұнайшылары уәде үдесінен шықты. Қошқар 1944 жылдың 10 мамырынан 1945 жылғы Жеңіс күніне дейін, яғни, бір жылда 10 мың тоннадан астам мұнай өндіріп, жөнелткен екен. Бұл – қазіргі өл-

шеммен салыстырғанда 20 эшелон мұнай. Демек, Қошқар мұнайы соғыс техникасының бірнеше күн жауды үздіксіз соққылауына септігін тигізген.

Қошқар кен орнының мұнайлылығы шығыс қанаттағы неоком түзілімдерінен 1943 жылы салынған №3 терең барлау бұрғылау ұңғымасынан анықталған еді. 1944 жылы 10 мамырда №10 ұңғымадан күшті мұнай бұрқағы шапшыды. Ол 15 мм-лік штуцермен тәулігіне 48 тонна, 22 мм-лік штуцермен 59 тонна таза мұнай берген.

Алғашқы бұрқақ кен орнында бұрғылау қарқынын үдетті. «Ембімұнай» тресінің таңдаулы бұрғылау бригадала-

ры осында шоғырландырылды. Олар шын мәнінде майдандағыдай еңбек етіп, тамаша табыстарға қол жеткізді. Айталық, шебер М.Исенбаевтың бригадасы №21 ұңғыманы 16 күннің орнына 10 күнде қазып бітірген. №8 және №11 ұңғымаларды бұрғылаған Жанбатыровтың бригадасы да олардан кем түспеген. Ескене кәсіпшілігінің Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болуына ерекше ықпал еткен Р.Есқариевтің бригадасы да осында жіберіледі. Сол кезде Орталық комитеттің мұнай жөніндегі хатшысының орынбасары болған Тарыбай Шәукенбаев 1945 жылы 16 маусымда ҚКОК-қа жіберген анықтамасында: «И настоящее время бригада Исканиева стахановскими темпами ведет бурение на промысле Кошкар, в результате добыча нефти на этом промысле за короткий срок увеличилась почти в 2,5 раза».

Бұрғышылар қайраты жоғарыда аталғандай болса, олардан өндірушілер де еш қалысқан жоқ. Сол кәсіпшілік өмірге келген 1944 жылы 6 ұңғымадан 5684 тонна сұйық отын алынса, келесі жылы 23 ұңғыма іске қосылып, екі жылда 75164 тонна «қара алтын» жеңіс жолына бағышталды.

Кәсіпшілікті басқарған азаматтар мен жұмысшылардың қай-қайсысы да

бар күш-жігерін, білімін Қошқардың қуатын арттыруға бағыштады. Өнімділігі төмен теңселме станоктар алымдыларымен ауыстырылды, мұнай өндірудің II әдісі жүзеге асырылды. Ембіде бірінші болып кәсіпшілікте автоматика жүйесі іске қосылды. Жерасты жабдықтарын жөндеуде, ұңғымаларды зерттеуде жаңа агрегаттар мен құрылғылар батыл қолданыла бастады.

«Береген қолым алаған» деген сөз бар. Он жылдығында оза шауып бәйге алған, жиырмасында жұртшылық мақтаған, отызында орталықты таңдатқан, қырқында қарқыны қайтпаған Қошқардың қазынасы соңғы жылдарда едәуір ортайдды. Соған орай шырайлана алмай отырғаны жасырын емес. Жұмыссыздық бар. Инфрақұрылымдар жаңартылмай келеді. Маңайдан жаңа мұнай көзі ашылмай тұр. Соған қарамастан басқарма басшылығы Қошқарда құрылымдық өзгерістер жасамауға, өндірістік ырғақты бұзбауға тырысуда» деп жазған кәсіпшіліктің 60 жылдығына арналған естелігінде сол кездегі Қошқар кешенді мұнай өндіру бригадасының аға шебері Төлебай Көпкенов. Міне, сол жазбадан бері 15 жылдай өтсе де, кен орны әлі күнге өнімін беріп, ел игілігі үшін жұмыс жасауда. Қазіргі таңда кен орны тәулігіне шамамен 18-20 тонна мұнай беріп отыр. **Е**



## Қара тасқын

Биыл Атырау өлкесінде мұнай табылған кен орындарының ашылғанына мерейлі жылдар болып отыр. 80 жылдығын тойлағалы отырған Каспий маңының оңтүстік-шығысында ашылған Құлсары мұнай-газ өндіру кен алаңы. Бұл кен алаңның ашылу тарихы туралы даңқты мұнайшы, КСРО Құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері Сафи Өтебайұлы «Өмір мұраты» атты кітабында кеңінен тоқталған. Қара тасқын деп аталған бір бөлімін осы Құлсары кен орнының ашылуына арнапты. Сол бөлімді қысқаша сіздерге ұсынып отырмыз.

Құлсары Гурьевтің шығысында, Қосшағылдан жиырма километрдей жерде. Екеуінің жер бедері, ауа райы бір-біріне егіз қозыдай ұқсас. Төбе-төбелерді қуалай өскен тырбық бұйырғын мен адыраспаннан басқа көз тоқтатар ештеңе көре алмайсың. Ал сорлар бұл аймақтың табиғат бөліп берген еншісі, бірден көзге түсетін ерекшелігі.

Мұндай аймақтарда барлау жұмыстарын жүргізу оңайға түспейді. Ауыз су түгілі, техникалық судың өзін тасып жеткізу өте-мөте қиын. Бірақ қиыншылықтан қорыққан барлаушы – барлаушы бола ма. Құлсары алдында зерттеу жұмыстарын жүргізіп қайтқан геолог геофизиктердің мәліметтерін басшылыққа алып, көп кешікпей бұрғылау жұмыстарын бастап та жібердік.

1938 жылы-ақ қолда бар мүмкіндіктерді осы алаңды бұрғылауға жұмылдырдық. Бұл – өте жауапты учаскелердің бірі еді.

Сол қиын мәселелердің бірі – барлау-бұрғылау жұмыстарын жүргізуге керекті құрал-жабдықтарды екі жүз километр жердегі Гурьевтен жеткізіп беру болатын. Механикалық шеберхана, қоймалар, электр станциялары болмаса, барлау жұмыстарын жүйелі жүргі-

зу тіпті мүмкін емес екені өзінен-өзі түсінікті. Әрине, мұнай көзі ашылмаған жерден қыруар қаржы бөліп, берік те жылы тұрғын үй салу тиімсіз болғанымен, уақытша баспана жасауға да көп материал керек. Сондықтан жүз километр жердегі Жылойдан ескі үйлердің ағаштарын, кірпіштерін тасып, құрылысқа пайдаландық.

Қажырлы қимылдың арқасында екі-үш айдан кейін алғашқы екі мұнара монтаждалып, сыннан өтті. Енді осы жерді бұрғылау басталды. Оныншы скважинаны бұрғылау тәжірибелі, 1914 жылдан бері бұрғышы болып істеп келе жатқан Жаулыбай Алдақовқа тапсырылды. Сол жылдың орта шенінде Жаулыбай Алдақов қазып жатқан оныншы скважинадан қуатты мұнай фонтаны атқылап, геологтар мен геофизиктердің болжамы дұрысқа шықты. Жер астынан атқылаған мұнайдың қысымы жүз атмосфераға жетіп, бір тәулікте 150 тонна өнім алынды. Бұл Ембіде мұнай өндіру және барлау тарихында көп жылдардан бері қол жетпеген зор табыс еді.

Мұнайшылардың ежелгі дәстүрі бойынша Сабыр Шарипов пен Жаулыбай Алдақов бастаған топ бәріміздің бетімізді мұнаймен жудық, тістеріміз ғана ақсып, көздеріміз күлімдеп, мәз-мәйрам болдық. Сырт қараған адамға ерсі көрінетін осы бір дәстүрде мұнайшылардың өздері ғана ұғатын үлкен сыр, мән-мағына жатыр.

Осыдан кейін көп кешікпей-ақ Шуақали Қарамөңдиев басқарған 182-скважинадан да мұнай атқылады. Оның қысымы екі жүз атмосфераға, ал тәулігіне берген мұнайы екі жүз тоннаға жетті. Араға көп уақыт салмай мұнай фонтандарының жиі-жиі атқылауы мұның кездейсоқ жәйт емес екенін айқын дәлелдеді. Мұның өзі түптеп келгенде Ембі болашағына үлкен үмітпен қарауға мезелді. Бүкіл коллектив Ембі даласынан

мол қазына көзі ашылғанына дән риза болып, ерекше шабытпен еңбек етті. Әр бригада өзара социалистік жарысқа түсіп, бір-бірінен қалыспауға тырысты.

Құлсары алаңынан мұнай қорының табылуы Ембі өңірінде мұнай өндірісінің шапшаң қарқынмен дамуына зор ықпалын тигізетіні сөзсіз еді. Жаңа кен орнының ашылуы жөнінде Москваға, Алматыға хабарланды. Жоғары партия, совет органдарынан құттықтау телеграммалар келіп, жұмысшылардың еңбекке деген жігерін арттыра түсті.

Жаңа мұнай көзінің ашылуына байланысты алда кезек күттірмейтін міндеттер тұрды. Көп ұзамай үшінші фонтанның да куәсі болдық. 1939 жылдың басында Алексей Александров басқарған 61-скважинаның тереңдігі бір мың екі жүз метрге жеткенде мұнай атқылады.

Қазылған скважинадан мұнайдың атқылауы, әрине, қуанышты жағдай. Бірақ бұрғышылар үшін оның қауіпті жағы да болатын. Алдын ала шаралар қолданылғанда скважинадан шыққан мұнайды жанама құбырлар арқылы алаңдарға бірден бағыттауға мүмкіндік бар еді.

Алғашқы екі фонтаннан кейін-ақ бұл жерде мұнай қорының молдығы белгілі болды. Мұның өзі барлаушылардан техникалық, технологиялық сақтықты күшейтуді талап етті.

Мұнай беріп тұрған скважинаның өртенуі – аса сирек ұшырасатын, бірақ нағыз дүлей апаттардың бірі. Осындай қиын жағдайда кімнің кім екені танылды, қажыр мен қайрат, бірлескен қимыл ғана жеңіске жеткізді. Өрт сөндіру кезінде біздің жұмысшылар мен инженер-техниктеріміз ерлік еңбектің, табандылықтың, төзімділіктің үлгісін көрсетті.

Алайда, мұнайшылар қол жеткен табыстарға мастанбады, мұнай өнімін арттыру жолындағы күресті одан әрі жетілдіре отырып, Құлсарыдан кейін Сағыз және Шығыс Байшонас кен орындарын ашты. Осындай жанқиярлық адал еңбектің нәтижесінде 1940 жылы «Эмбанефть» тресі бойынша 700 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл Қазақстан тарихында осыған дейінгі алынған ең жоғары өнім болатын. Саладағы осынау үлкен жетістік бізді жаңа жеңістерге қанаттандырды. **Е**





# Мұнайшылар сауалдарына жауап

**1. С. Сулеев, Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 3 Батыс Прорва кен орны бригадасының 5 разряд жөндеушісі:**

**Сұрақ:** Отбасымның мүшелерін «Интертич» клиникасына қаратқанымда, дәрілер жазып береді. Алайда, жазылған дәрілердің барлығын бірдей бермейді. Кей дәрілерді өзіміз сатып алуымыз керек. Осы мәселені түсіндіріп берсеңіздер.

**Жауап:** «Интертич» компаниясы ЕМГ-мен жасалған келісімшарт аясында Қоғам жұмыскерлеріне қызмет көрсетеді. Сол келісімшартта көрсетілген дәрі-дәрмекті ақысыз береді. Бірақ, ол келісімшартта дәрі-дәрмектердің бәрі көрсетілмеген. Сондықтан, шартпен көрсетілмеген дәрі-дәрмектерді сізге жазса, онда оны өз ақшаңызға сатып аласыз.

**2. Л.Сүлейменова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнайды дайындау және айдау цехының 2 категориялы инженер-химигі:**

**Сұрақ:** Зертханада химиялық элементтермен жұмыс жасағаннан кейін олардың жағымсыз иісі шығады. Және бұл өте зиян. Осы орайда, жұмыс орнын аттестациялау мәселесіне қатысты сұрақ туындап отыр. Биыл жаз мезгілінде аттестация өтті, енді қыс мезгілінде тағы да жұмыс орнын аттестациялау жұмысы жүргізіле ме?

**Жауап:** Жалпы заң бойынша жұмыс орындарын аттестациялау 5 жылда бір рет өтеді. Жуырда осы мәселеге қатысты кезектен тыс жұмыс орнын аттестациялауды қай мезгілде өткіземіз деген сұрақ туындаған болатын. Сол кезде жаз мезгілінде өткізген дұрыс деп шешілді. Соған сәйкес биыл шілде айында өткіздік. Айта кету керек, бұл аттестация кезектен тыс өтіп отыр. Себебі, Прорвада жаңа өндірістік нысан – ілеспе газды дайындау қондырғысы іске қосылды. Келесі жылы жоспар бойынша жалпы Қоғамның барлық өндіріс орындарында жұмыс орындары аттестациялаудан өтетін болады. Жұмыс орындарын аттестациялау жаз және қыс мезгілінде жылына екі кезеңде өткізу мәселесі заңмен қарастырылмаған.

**3. Б. Тапашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің 5 разрядты жүргізушісі:**

**Сұрақ:** Менің көлігімнің үстінде манипулятор бар. Яғни, айтқанда, кранмен жұмыс жасаймын. Осыған сәйкес маған алтыншы разрядпен неге еңбекақы төленбейді?

**Жауап:** Сіздің автокөлігіңіздің жүк көтеру салмағы 20 тоннадан 40 тонна-

ға дейін. Ал, бұл жағдайда тек бесінші разряд қарастырылған. Жүк көтеру салмағы 40 тоннадан 60 тоннаға дейін алтыншы разряд қарастырылады. Сондықтан, сіздің разрядыңызды көтеріп, алтыншы разрядпен еңбекақы төлеуге еш негіз жоқ. Сонымен қатар, манипулятор кран емес, сіздің автокөлігіңізге қондырылған құрал. Сондықтан манипулятормен жұмыс жасау сіздің жұмысыңыздың күрделілігіне кіріп отыр.

**4. А.Ажиханов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру бөлімшесінің мұнай және газ өндіру операторы:**

**Сұрақ:** Жұмыс уақытында оқуға барғанда жұмыс сағатынан ұтыламыз. Ал, демалыста уақытымыздың бәрі оқумен кетеді. Осыны қалай үйлестіруге болады?

**Жауап:** Жұмыскерлерді оқыту Жұмыс берушінің міндеті емес, құқығы екенін ескерткіміз келеді. Қоғамда 5000 астам жұмыскер бар, олардың барлығының бірдей жағдайын қанағаттандыру мүмкін емес. Сол себептен, міндетті оқуларды қалмастан оқып алуларыңыз керек. Өйткені, бұл – өздеріңізді жұмысқа қосу үшін рұқсат беретін куәлік. Жұмыс беруші жұмыскерлер үшін барлық жағдайды ұйымдастырып, оқумен қамтамасыз етіп отыр, барынша оқып алғандарыңыз өздеріңіз үшін қажет. Вахталық жұмыс әдіс ережесіне сәйкес оқу кезеңі жұмыс уақыты болып есептелмейді. Оқу вахта уақытына сәйкес келсе, нақты оқыған сағаты бойынша төленеді, яғни 8-сағатпен. Ал вахтааралық демалыс кезіндегі оқу уақыты Ұжымдық шартқа сәйкес әрбір оқыған күніне 0,5 АЕК мөлшерінде өтемақы төленеді.

**5. Р.Кушербаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботақан мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру және конденсат шебері:**

**Сұрақ:** Зиянды еңбек жағдайы үшін қосымша ақы тек жұмысшыларға төленеді, ИТР қызметкерлері зиянды жерде жұмыс жасайды неге оларға қосымша ақы төленбейді?

**Жауап:** Барлық жұмыскерлердің жұмыс орындары 5 жылда бір рет аттестациядан өткізіледі. Аттестацияны арнайы лицензиясы бар мекеме өткізеді. Олар әр жұмыс орындарын арнайы құрылғылармен өлшеп, зияндылық деңгейін анықтайды. Зиянды еңбек жағдайына қосымша ақы төлеу үшін міндетті мерзімдік аттестаттау қорытындысы бойынша жұмыс орны зиянды деп танылу керек. 2015 жылы жүргізілген аттестаттау қорытындысы бойынша сіздің жұмыс орныңыз зиянды деп танылмаған, осыған байланысты қосымша ақы төленбей отыр.



**6. А.Телжанов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің 4 разрядты жеңіл автокөлік жүргізушісі:**

**Сұрақ:** Менің көлігім есептен шығуда. Осыған орай, қазір мен уақытша басқа жұмыста жүргізуші болып еңбек етіп жүрмін. Менің сұрағым алдағы уақытта менің жағдайым қалай болатынына қатысты туындап отыр.

**Жауап:** Қазіргі кезде Қоғамда жеңіл көліктер қызметін аутсорсингке шығару жұмыстары жүргізілуде. Бірақ, жеңіл көлік жүргізушілерін қайта дайындап, тесттен өткізіп басқа жұмысқа орналастыру Қоғам алдындағы басты мақсат болып отыр. Яғни, техникасы есептен шығарылған ешбір жұмысшы жұмыссыз қалмайды.

**7. А.Мамаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен алаңының ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі:**

**Сұрақ:** Балам жоғарғы оқу орнында оқиды. Оқу ақысын төлеу үшін компаниядан қандай да бір көмек болады ма?

**Жауап:** 2017 жылға дейін компанияның қызметкер-жұмысшыларының балалары жоғары оқу орындарына түскен уақытта қоғам Ережесіне сай оқу ақылары төленіп отырды. Алайда, ол қаражат мекеменің өз тарапынан, яғни, көмек ретінде бөлініп отырды. Жұмыс беруші жұмысшымен келісім шартына отырған мезгілде балаларының оқу ақысын төлеуге міндетіне алмаған. Сондықтан, қазіргі таңда студенттердің оқу ақыларын төлеу қоғам тарапынан тоқтатылды. Қоғам қазіргі уақытта қомақты қаражатты қызметкерлерді дамытуға жұмсауда. Алдағы уақытта қайта қаражат бөлінсе, қаперлеріңізге береміз.

**8. М.Тулешов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботахан автоколлоннасының жүргізушісі:**

**Сұрақ:** Денсаулығымызға байланысты ота жасауға барарда алдын ала аванс ретінде қаражат бөліне ме?

**Жауап:** Мұндай жағдайда Сіз өзіңіздің диагноз жазылған құжаттарды алып комиссияға арыз жазасыз. Комиссия қарап шешім шығарып берсе, алдын ала қаражат алуға мүмкіндік бар.

**9. А.Әжіғұл, «Доссормұнайгаз» МГӨБ 4 дәрежелі жөндеуші слесарі:**

**Сұрақ:** Донор ретінде қан тапсырғанда неше күн демалыс тиесілі?

**Жауап:** «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 167 бабына және Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес, донорлық функция жұмыс күндері орындалған кезде донор орташа жалақысы сақтала отырып, жұмыстан босатылады және егер өтеусіз донациялау болса, онда донорға орташа жалақысы сақтала отырып, қосымша бір демалыс күн беріледі. Бұл жыл сайынғы еңбек демалысына қосылуы мүмкін. Жалақысы сақталатын демалыс күн беру үшін Жұмыскер-донор Жұмыс берушіге растаушы құжаттарды қан донациясын және оның компоненттерін тапсырған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тапсыруға міндетті. Егер жұмыс берушімен арадағы келісім бойынша донор болып саналатын жұмыскер қан донациялау және оның компоненттерін тапсыру күндері жұмысқа келген болса, оған өзінің қалауы бойынша жалақысы сақталатын демалыс күн басқа күні беріледі немесе сол күн жыл сайынғы еңбек демалысына қосылып беріледі. Бірақ, донор болып табылатын қызметкерді қан мен оның компоненттерін донациялау күндері түнгі уақыттағы жұмыстарға, үстеме жұмыстарға, ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарға тартуға жол берілмейді. **Е**





## «Өзгеге өмір сыйла»

Жуырда Атырау қаласындағы облыстық қан орталығы мекемесінде «Өзгеге өмір сыйла» атты донорлық қан тапсыру акциясы өтті. «Атырау облыстық ішкі саясат басқармасы азаматтық орталығының бастамасымен ерікті түрде қан тапсыруды қолдау мақсатында ұйымдастырылған донорлық акциясына қала тұрғындары, сондай-ақ, ірі компаниялар қызметкерлері қатысты. Жалпы алғанда 90 адам донор болып, 43 литр қан тапсырылды.

Үнемі игі шаралардың бастамашысы болып жүретін ембілік жас мамандар да осы жолы қалыс қалмай, ұжымдық белсенділікті арттыру және қанға мұқтаж жандарға көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған шараға белсенділікпен қатысты.



## Благодарность эмбинцам

Ушел из жизни замечательный человек Джардемов Серик Доскалиевич. Спасибо коллективу АО «Эмбаунайгаз», что от чистого сердца поддержали семью в трудное время. Мы благодарны вам, что вы были с Сериком рядом и при жизни, он о вас рассказывал и уважал. Вы тоже были его семьей.

Спасибо, что с нами вместе были в молитвах. Для нас, семьи Джардемова С.Д., бесценно ваше внимание и материальная помощь! Приятно знать, что есть добрые люди, которые найдут желание и время для поддержки. Мы желаем, чтобы и с вами рядом в жизни были отзывчивые и добрые люди, как вы! Спасибо, что вы есть.

Семья Джардемовых

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

**Редакциялық кеңес:**

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**

«Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі